

Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 20 қазандағы № 481 "Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 65 қаулысы

Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2021 жылғы 20 қазандағы № 481 қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

"40-1) азаматтарды тіл қағидаты бойынша кемсітушілікке жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;"

2. "Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ережеге енгізілген толықтыру туралы әділет органдарын хабардар етуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Қ. Ақсақалов